

Сарсен Аманжолов атындағы
Шығыс Қазақстан университеті

**БІРІНШІ КУРС
СТУДЕНТТЕРІНЕ АРНАЛҒАН
ЖОЛСІЛТЕМЕ**

РЕКТОРДЫҢ СӘЛЕМДЕСУ *сөзі*



Ректор блогы

Қымбатты достар!

Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетіне қош келдіңіздер!

2022 жылы біздің университетке 70 жыл толды. Өзінің 70 жылдық тарихында жоғары оқу орны Өскемен педагогикалық институтынан бастап кәсіби даярлықтың жоғары деңгейін қамтамасыз ететін көпсалалы университетке дейін даңқты жолдан өтті. Бүгінгі таңда ШҚУ-бірегей оқу-ғылыми және мәдени-ағарту кешені. Университет еліміздегі көп бейінді жоғары оқу орындарының алғашқы ондығына кіреді және жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі, қосымша білім беру бағдарламалары бойынша мамандар даярлайды. ЖОО үш беделді халықаралық қауымдастықтардың, оның ішінде Еуразиялық университеттер қауымдастығының мүшесі, 2009 жылы Университеттердің Ұлы Хартиясына қол қойылып, ВКУ ресми түрде Болон процесіне қосылды.

Білім барлық уақытта бағаланады, ал ақпарат пен күрделі технологиялар ғасырында ерекше мәнге ие болады. Қазіргі уақытта өзінің сапалы білімі бар адам ғана мақсатын толықтай жүзеге асыра алады. Мұндай білімді сіз Қазақстанның Шығысындағы заманауи жоғары оқу орындарының бірі - біздің университеттен ала аласыз. 2018 жылы біздің университет студенттері үшін Қабанбай батыр атындағы әскери кафедрасы ашылды.

Біз үшін, студент әрдайым бірінші орында: біз дарындылықты бағалаймыз, даралықты құрметтейміз және әркімге өз әлеуетін ашуға көмектесуге тырысамыз.

Төлеген Мұхтар Әділбекұлы,
Сәрсен Аманжолов атындағы ШҚУ
басқарма төрағасы-ректор, профессор

ДӘСТҮР МЕН ҚҰНДЫЛЫҚТАР



Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті – студенттер, оқытушылар және қызметкерлер өзара іс-қимыл жасайтын үлкен қауымдастық. Бірлескен академиялық, кәсіби және шығармашылық дамудың ерекше атмосферасын сақтау үшін университеттің миссиясы және Жарғысы бар.

Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің миссиясы – Қазақстанның инновациялық дамуы үшін бәсекеге қабілетті мамандарды қалыптастыру бойынша университеттің халықаралық, ұлттық және өңірлік ғылыми-білім беру кеңістігіндегі жетекші рөлін қамтамасыз ету.

AMANZHOLOV UNIVERSITY ТУРАЛЫ

Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті - еліміздің Шығыс өңіріндегі жетекші оқу, ғылыми және мәдени оқу орнының бірі.

Сәрсен Аманжолов атындағы ШҚУ QS EЕCA халықаралық рейтингісіне кірді, 251-300 орын

Университет Қазақстанның көп салалы университеттері арасында 5-ші орынды және Academic Ranking of World Universities – European Standard ARES рейтингі бойынша 6-шы орынды иеленген.

Университетте әскери кафедра, 8 оқу ғимараты, 4 студенттер үйі, 14 ғылыми-білім беру және зерттеу орталықтары, "Altay Zhastary" телерадиокешені, "Дана Бала" инклюзивті білім беру орталығы, Фитнес-орталық, "Чайка" бассейні және т. б. бар.

САҢДАР МЕН
фактілер



vku.edu.kz

- Ұлттық біліктілік тестілеу нәтижелері бойынша ҚР ЖОО арасында педагогикалық кадрларды даярлау сапасы бойынша **1-орын**
- ғылымды қаржыландыру **16 есеге** артты
(1млрд. 618 млн. тг)
- **9000** студент
- **400** жұмыс берушілермен ынтымақтастық туралы келісімдер
- **200** алыс және көрші елдерден келген студенттер
- **110** әлемнің университеттерімен ынтымақтастық туралы келісімдер
- **98%** жыл сайын жұмыспен қамтылған түлектер
- **70** бакалавриат білім беру бағдарламалары
- **69** магистратура білім беру бағдарламалары
- **15** докторантура білім беру бағдарламалары

ХРОНОЛОГИЯ

Әскемен педагогикалық институтын құрылуы

1952

Әскемен педагогикалық институты Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті болып қайта құрылды және егеменді мемлекеттің құрдасы – Қазақстандағы үшінші университет болды

1991

Ғалым, лингвист-түркітанушы Сәрсен Аманжоловтың есімі берілді

2003

Болон келісімінің принциптерін жүзеге асыру үшін Университеттердің Ұлы Хартиясының айналасында біріккен 600 әлемдік университет көшбасшыларының қатарына қосылды

2009

Сәрсен Аманжолов атындағы ШҚУ ректоры болып Төлеген Мұхтар Әділбекұлы тағайындалды, 34 жаңа мамандық ашылды, «Парасат» студенттерге қызмет көрсету орталығы ашылды

2018

Қабанбай батыр атындағы Әскери кафедра ашылды, институционалдық және мамандандырылған аккредиттеу, Польшада «Абай» жастардың мәдени-білім беру орталығы ашылды

2019

10 жаңа ғылыми және оқу зертханасы, А.Н. Трунов атындағы фитнес-орталық, 4 ғылыми институт ашылды

2020

STEM-орталық, 5 ғылыми және оқу зертханасы ашылды. ҚР ЖОО қысқы республикалық Универсиадасында 1 орын




2021

Педагогикалық мамандықтар студенттері Ұлттық біліктілік тестілеуінде ҚР бойынша 1-ші орын, облыстық "Студенттік көктем" байқауында – гран-при. "DANA BALA" инклюзивті орталығы ашылды

2022

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

ӨСКЕМЕН ҚАЛАСЫ



Шығыс Қазақстанға қош келдіңіз!
Шығыс Қазақстан – Қазақстан Республикасының
ірі өнеркәсіптік, энергетикалық,
және мәдени өңірі болып табылады.

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАНҒА КЕЛУДІҢ 6 СЕБЕБІ:

1. Керемет табиғатты көру үшін – осында республика орманының 70-тен астам өндірістік қоры шоғырланған. Облыс аумағында 489-ға жуық жануарлар мен 37 балық түрлері мекендейді. Қазақстандық Алтай аумағының ландшафттық және биологиялық әралуандылығының арқасында WWF (Дүниежүзілік табиғат қоры) халықаралық ұйымы айқындаған әлемнің 200 басым өңірлеріне кіреді

2. Тарихқа қол тигізу үшін – Шығыс Қазақстан жері үлкен қазынаны сақтап отыр. Тарихқа қызығушылық танытқандар үшін Шілікті, Ақ Бауыр және Берел алқабына сапарлар ұмытылмас болып қалады. Ол жерде қазақтардың арғы атасы саналатын аңызға айналған сақтардың қалай өмір сүргенін көруге болады.

3. Сауықтыру үшін – Қазақстанның шығысында 19 пантымен емдеу орындары жұмыс істейді. Шығыс Қазақстан марал шаруашылығы дамыған жалғыз аймақ. Пантымен емдеу ағзаны жасартады, ұйқы безінің, ас қорыту, қанайналым жүйке жүйелерінің жұмысын қалпына келтіреді.

4. Тау шаңғысымен сырғанау үшін – Кенді Алтай тауларында қар маусым айына дейін жатады, және қыркүйек айында түседі; Желсіз және көшкін қаупі бар беткейлердің болмауы тау шаңғысы спортын сүйетіндер үшін жақсы жағдай жасайды. Қысқы сезон 6 айға дейін созылады.

5. Суға шомылу үшін – Қазақстанның 40-қа жуық жер үсті су қоры Шығыс Қазақстан облысында шоғырланған. Жағажай туризмі Бұқтырма су қоймасы мен Сібе көлдерінің жағалауында қарқынды дамуда, онда жүздеген демалыс базалары салынған, ал Алакөл жағалауы Қазақстанның үздік 10 курорттарының қатарына кіреді

6. Сергектікпен қуаттану үшін – Шығыс Қазақстанның табиғи-географиялық жағдайлары белсенді жазғы демалысты ұнататындар үшін жасалған. Ат және жаяу жүру маршруттары, қызықты велосипед және тікұшақ турлары жаңадан бастаушыларды да, тәжірибелі туристерді де күтеді. Әлемнің түкпір-түкпірінен нағыз кәсіби альпинистерді керемет таулар қызықтырады. Тау өзендерінде рафтингті ұнататындар үшін шексіз мүмкіндіктер бар: облыста 1200 өзен бар.

AMANZHOLOV UNIVERSITY

Туғалары

Басқарма төрағасы-ректор – С. Аманжолов атындағы ШҚУ басшысы. Университетте атқарылып жатқан іс-шараларды басқарады және бақылайды



Төлеген Мұхтар Әділбекұлы

Философия докторы (PhD), заң ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор. Университетті 2018 жылдан бастап басқарады

Проректор – ректорға көмектеседі



Басқарма төрағасының орынбасары
– стратегиялық даму және ғылыми жұмыс жөніндегі проректор, педагогика ғылымдарының кандидаты
Ровнякова Ирина Владимировна

AMANZHOLOV UNIVERSITY

Тұғалары

Деканат – әр жоғары мектепті декан басқарады. Студенттер деканатқа келесі сұрақтар бойынша жүгінеді: анықтамалық ақпарат алу үшін; сессияға рұқсат алу үшін; вакантты грантқа ауысу үшін; оқу бойынша жеңілдіктер алу үшін.

**IT және жаратылыстану
ғылымдары жоғары
мектебінің деканы**



**Адиканова Салтанат
Сайларбекқызы**
8(7232) 226 166

**Гуманитарлық
ғылымдар жоғары
мектебінің деканы**



**Өскембай Әлия
Акымқызы**
8(7232) 540 585

**Бизнес және құқық
жоғары мектебінің
деканы**



**Апышева Асель
Ануарбековна**
8(7232) 252 324

**Педагогика жоғары
мектебінің деканы**



**Куленова Гульнара
Борисовна**
8(7232) 752 364

АКАДЕМИЯЛЫҚ ПРОЦЕСС ТУРАЛЫ



1 оқу жылы =
30 оқу аптасы

7 апта –
1 межелік бақылау
аптасы

15 апта –
2 межелік бақылау
аптасы

16, 17, 18 апта –
емтихан
сессиясы

Демалыс:

қысқы – 2 апта

жазғы – 2 ай

1 академиялық сағат
= 50 минут

жазғы семестр
– 6 апта

Кесте мен бағалар
<http://euniver.vkgu.kz/>
порталында қойылады

Университет білім
алушыларының білімін
бақылау және бағалау
**балдық-рейтингтік
жүйе** бойынша жүзеге
асырылады

Ағымдағы бақылау –
100% – дық
шкала бойынша
бағаланады, оқытушы
апта сайын қояды

Аралық бақылау –
бір семестрде екі рет
өткізіледі: 7-ші және
15-ші апталарда

Қорытынды бақылау –
студентке емтихан
кезінде алған бағасы
емес, қорытынды баға
қойылады

Әріптік жүйе бойынша бағалау	Сандық балдардың эквиваленті	Балдар (%-дық мазмұны)	Дәстүрлі жүйе бойынша баға жүйесі
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	Жақсы
B+	3,33	85-89	
B	3,0	80-84	Қанағаттанарлық
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	
C-	1,67	60-64	Қанағаттанарлықсыз
D+	1,33	55-59	
D	1,0	50-54	
FX	0,5	25-49	

Қорытынды баға
келесі формуламен
анықталады:
ИА = ((P1+P2)/2)*0,6+
емт.бағасы*0,4

СТУДЕНТКЕ MUST-HAVE



Пропуск

Сәрсен Аманжолов атындағы ШҚУ-да өткізу жүйесі жұмыс істейді, әрбір студент оқу жылының басында пропуск алуы тиіс. Онымен сіз кез-келген ШҚУ ғимаратына шектеусіз кіре аласыз.

Студенттік билет

ол әр студентте болуы керек. Әдетте оны деканатта немесе кафедрада оқу жылының басында алуға болады. Студенттік билет арқасында сіз әртүрлі дүкендерде, кинотеатрларда, мұражайларда, таксиде, қосымшаларда жеңілдіктер ала аласыз.

Оқырман билеті

Бұл кітапханаға, оқу залына баруға және университетте оқу кезінде қажетті кітаптарды алуға мүмкіндік береді. Оқырман билетін жасау үшін алдын ала 3*4 фото дайындау қажет.

Жеке кабинетке кіру

Білім беру порталына кіру үшін логин мен пароль қажет. Логин - бұл сенің ЖСН, пароль-сенің жеке куәлігіңнің нөмірі.

Оқу ақысын төлеу

- 1 қыркүйекке дейін төлем құнынан 25%
- 1 желтоқсанға дейін төлем 50% болуы керек
- 1 наурызға дейін төлем 75% болуы керек
- 1 мамырға дейін 100% төлем.

Стипендия

Мемлекеттік стипендия, мемлекеттік білім беру гранты және әкім гранты бойынша оқитын студенттерге ғана тағайындалады. Келесі семестрлерде стипендия алдыңғы семестрдегі емтихан сессияларының қорытындысы бойынша тағайындалады. Стипендия "С+" және одан жоғары бағалары бар студенттерге тағайындалады.

Президенттік стипендия

Республикалық олимпиадалардың жеңімпаздары, жарияланымдары бар, жоғары GPA, ғылыми-зерттеу жұмыстарымен белсенді айналысатын, ЖОО-ның қоғамдық, мәдени және спорттық өміріне қатысатын студенттер Президенттік стипендияға үміткер бола алады.

Вакантты грант

Егер де сен ақылы негізде оқитын болсаң, жазғы және қысқы каникул кезеңінде бос гранттар конкурсына қатысуға мүмкіндігің бар. Бос грантты жеңіп алу үшін ең жоғары GPA балы қажет.

УНИВЕРСИТЕТТИҢ ПАЙДАЛЫ БӨЛІМДЕРІ

«Parasat» студенттерге қызмет көрсету орталығы

бұл бөлімшеге Сен оқу процесіне қатысты мәселелер бойынша жүгіне аласың: оқу орнынан анықтама алу, оқу пәніне тіркелу, оқу кестесі, топтар мен шағын топтарды құру, транскрипт алу және т. б. сұрақтар бойынша.

30-шы Гвардиялық дивизия к-сі, 38, parasat_vkgu@mail.ru

ТЖЖТЖМ - 8777 347 7696, ГФЖМ - 8747 242 4241,

БЖҚЖМ - 8771 354 9133, ПЖМ - 8771 620 2820

Қабанбай батыр атындағы әскери кафедра

запастағы офицерлерді даярлау бағдарламасы бойынша құжаттар бірінші курс (4 жылдық оқумен) және 2 курс (5 жылдық оқумен) студенттерінен қабылданады.

Бажов к-сі, 7 (№2 корпус), 8705 296 4556, voenkaf.vku@mail.ru

Маркетинг, мансап және жұмысқа орналастыру орталығы

оқу ақысын төлеу бойынша жеңілдіктер, грантты өтеу мәселелері, мансапты жоспарлау және дамыту бойынша кеңес беру.

30-шы Гвардиялық дивизия к-сі, 34, 203 каб.,

8(7232) 540 144, rostvkgu@mail.ru



Стратегия, халықаралық

ынтымақтастық және аккредиттеу бөлімі

академиялық ұтқырлық бойынша сұрақтар
Казахстан к-сі, 55, 302 каб., 8(7232) 250 597
mezhdunar_otdel@mail.ru



Ғылыми кітапхана

* ғылыми әдебиеттер абонементі (№1 корпус, 103 ауд., тел. 54-04-21)

* № 1 кітапхана-филиалы (студенттер үйі № 3, 1 қабат, т. 540-246)

* студенттердің оқу залы (№1 оқу ғимараты, 303 ауд.)

* ғылыми ақпараттар оқу залы (№1 корпус уч., 229 ауд.)

* мерзімді басылымдар оқу залы (№1 корпус, 101 ауд.)

* техникалық әдебиет оқу залы (№7 ғимарат)

* №2, №9, №3, №4 оқу корпустарының оқу залдары

Open University орталығы

студенттерге, университет қонақтарына парасаттылық және адалдық мәселелері бойынша кеңес беру. Парасаттылық символы - "Таза кол" мүсіндік композициясы №1 оқу корпусының холлында орналасқан.

30-шы Гвардиялық дивизия к-сі, 34, 1 этаж

Медициналық пункт

№3 оқу корпусы, 30-шы Гвардиялық дивизия к-сі, 36
8(7232) 540 061

СТУДЕНТТЕР ҮЙІ

Университетте 4 студенттер үйі бар, олар 30-шы Гвардиялық дивизия көшесі, 38/40/42, Менделеев көшесі, 7 мекен-жайы бойынша, №1 оқу корпусының жанында орналасқан. Жанында шаруашылық және азық-түлік дүкендері, "City Center" супермаркеті, "City Food" дәмді тағам аумағы, "Дос Нар" базары, "Қазақстан" саябағы және т. б. бар.

Шарттары:

Демалыс бөлмесі, душ, кір жуғыш машиналар. Әр бөлмеде ұйықтайтын орын, үстел, шкаф бар

Тұру ережелері:

Тәртіпті сақтау, бөлмені таза ұстау, Студенттер Үйіне 22.00 сағатқа дейін кіруге рұқсат етіледі, зиянды заттарды пайдалануға, ата-анасының / туыстарының тұруына тыйым салынады

Қоныстану:

1. Құжаттарды дайындау: жеке куәліктің көшірмесі, 3*4 форматтағы 2 фотосурет
2. Қабылдау комиссиясының техникалық хатшысынан өтініш алу және толтыру
3. Студенттер үйінің комендантына өтініш пен құжаттарды тапсыру
4. 30-шы Гвардиялық дивизия көшесі, 36 (№3 оқу корпусы), мекен-жайы бойынша университеттің медициналық пунктінде тексеруден өту (№1 кабинет)
5. Комиссия шешімін алу



Қосымша сұрақтар бойынша:

Тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер бөліміне хабарласуға болады

8(7232) 540 427, 8705 980 41 70

STUDLIFE

**Жастар ісі жөніндегі
комитет, студенттік
парламент**

+7 747 108 0640, Ербол
+7 777 542 2514, Данил

**"Мейірім"
еріктілер ұйымы**

+7 747 182 7758, Ұлан

**«Жастар Рухы»
жастар
қауымдастығы**

+7 747 542 3495, Әли

**«Көркем Lady»
қыздар клубы**

+7 775 168 4113, Самал

**"Шабыт", "Авангард"
студенттер театры**

+7 776 808 6644, Айым

**«Ділмар», "Парасат"
Дебат-клубы**

+7 747 278 3102, Сымбат
+7 776 320 7600
Гулжазира

**"Жайдарман"
Көңілді тапқырлар
клубы**

+7 707 173 4787
Дінмұхаммет

**"Шамшырақ"
шығармашылық
ұйымы**

+7 776 719 7475,
Нұржас

**"Altay jastary"
Медиа центры**

+7 707 189 7828,
Ерболат



ЧЕК-ПАРАҒЫ

Amanzholov University-ні әлеуметтік желілерде тауып ал



Keңестер:


Тапсырмаларды соңғы сәтке қалдырмаңыз. Семинардан кейін тақырыпты неғұрлым тезірек қайталасаңыз, соғұрлым ол есіңізде қалады. Коллоквиумдардың көбісі өте көлемді және сізде қанша уақыт болса, күн сайын аз ақпарат үйренуге болады. Сондықтан оқу уақытын және жаттайтын материалдың мөлшерін дұрыс жоспарлаңыз.

Бұрын өткен тақырыптарды қайталаңыз. Бұл өте жақсы әдіс. Сіз әжеңізге, мысыққа, гүлге дауыстап тақырыпты айта аласыз. Ең бастысы – мәтінге қарамауға тырысу. Тағы бір жақсы нұсқа – келесі күні қағазға білгеннің бәрін жазыңыз, содан кейін оқулықпен бірге отырып кітаптан жетіспейтін бөлшектерді толықтырыңыз. Бұл дайын конспект болып шығады.

Есте сақтаудың әртүрлі әдістерін қолданып көріңіз: конспект жазыңыз, қайталаңыз, тыңдаңыз, сызбаларды сызыңыз. Тек осылай ғана сіз үшін оңтайлы техниканы таңдауға болады. Есте сақта! "Мен оқыдым" және "Мен үйрендім" деген әр түрлі нәрсе. Ұйықтамай, көбірек жаттап аламын деп үміттенбеңіз. Демалу-дайындықтың маңызды бөлігі.

AMANZHOLOV UNIVERSITY

картада



- 1 - Корпус №1
- 3 - Студенттер уйі №3
- 5 - Студенттер уйі №5
- 7 - А.Трунов атындағы Фитнес-Орталық
- 9 - "Dana Bala" инклюзивті орталық
- 10 - "Абайтану" ФЗИ

- 2 - ШҚУ колледжы (корпус №3)
- 4 - Студенттер уйі №4
- 6 - "Parasat" СҚКО
- 8 - "Берел" баспа уйі
- 11 - "Алтайтану" ФЗИ

Маршруттық автобус: №7, №47, №17, №33, №38, №261, №260




Маршруттық автобус: №7, №1, №10, №12, №19, №60

- 1 - Корпус №8
- 2 - Корпус №4
- 3 - Студенттер уйі №1
- 4 - Ұжымдық пайдаланатын ұлттық ғылыми зертхана

AMANZHOLOV UNIVERSITY

на карте



- 1 – Корпус №9
- 2 – Корпус №5
- 3 – "Altay Zhastary" телерадиокешені

Маршруттық автобус: №7, №47, №261, №33



- 1 – Корпус №2
- 2 – Корпус №7
- 3 – Қабанбай батыр атындағы әскери кафедрасы
- 4 – "Жер үсті инженериясы және трибология" ҒЗИ

Маршруттық автобус: №5, №8, №1, №12, №19, №60, №3

ЧЕК-ПАРАҒЫ

Жоғары курс студенттерінің кеңестері

1. Өрқашан өзіңізбен бірге пропускты алғаныңызды тексеріңіз
2. Кешікпеңіз: бұл группаластастар мен оқытушыларды ашуландырады
3. Сабақтарды себепсіз жіберіп алмаңыз
4. Сыпайы болыңыз
5. Университеттің шығармашылық өміріне секірмес бұрын, оны оқумен біріктіре алатындығыңызды тексеріңіз
6. Қарызды жинамаңыз: неғұрлым көп қарыз болса, соғұрлым оны тапсыруға қиын болады
7. Тьюторлардан қорықпаңыз: олар сіздің сұрақтарыңызға міндетті түрде жауап береді
8. ШҚУ мүлкіне ұқыпты қара !

Пайдалы байланыстар

101 – Өрт қызметі

102 – Полиция

103 – Жедел жәрдем

112 – Құтқару қызметі

1424 – ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі



vku.edu.kz



Блог ректора